

СЫН-ПІКІР

Айтмаңғұр жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Ғайнеренова Айтжанай Ғайратұлы

(білім алушының аты-жөні)

513075200 Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: Атарау қаласына шөлөк ауданы

жолмен тасымалдау

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 35 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Айтмаңғұр жоба тапсырмаға сай орындалған. Жобаны талғандай ескертпелер жасалды:

- Геодезиялық қателіктер
- Сызба материалдары ретіне келтіру
Қалаға байланысты жол, су айдыры
мен жолы жөндеу ретіне есептері дұрыс
шотталған. Сонымен қатар жолы жөндеуінің
гидравликалық есептері есептелген. Сызба мәте
риалдары да дұрыс жазылған.

Жұмысты бағалау

Айтмаңғұр жобаны орындау кезінде Ғайнеренова
Айтжанай AutoCad, Excel, Word программалары қол
данып. Жоба өте жақсы бағаланады, студент Ғайнеренова
Айтжанай 513075200 «Инженерлік жүйелер және желілер» маман
дығы бойынша техника және экономика бағалары дұрыс есептеледі (90%).

Сын-пікір беруші

Ғомаханов С.К.

(қолы)

(аты-жөні)

2022 ж.



ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жобаға

(жұмыс түрінің атауы)

Ғайнеденова Алтынай Қайратқызы

(білім алушының аты-жөні)

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және пифр)

Тақырып:

Атырау қаласының шығыс ауданын жылумен жабдықтау

Дипломдық жобада Атырау қаласының шығыс ауданын жылумен жабдықтау таңдалды. Жұмыс барысында келесі есептер орындалды: жылу жүктемелері, жылу жүктемелеріне байланысты су шығындары, гидравликалық есептеулер. Сонымен қатар, алдын ала жылуоқшауланған ППУ ПЭ болат құбырлар таңдалған. Жобада орфографиялық қателіктер байқалған.

Білім алушы Ғайнеденова Алтынай Қайратқызына 5B075200 “Инженерлік желілер және жүйелер” мамандығы бойынша техника және технология бакалавры дәрежесін беруге лайықты. Жоба бағасы 90%

Ғылыми жетекші

тех. ғыл. д-ры, зерт. проф.

Б.А. Унаспеков

(қолы)

Б.А. Унаспеков

«10» 05 2022 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Гайнеденова Алтынай

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Атырау қаласының шығыс ауданын жылума жабдықтау - ҒАЙНЕДЕНОВА АЛТЫНАЙ.docx

Научный руководитель: Берикбай Унаспеков

Коэффициент Подобия 1: 9.1

Коэффициент Подобия 2: 3.1

Микропробелы: 2

Знаки из других алфавитов: 56

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, являются законными и не являются плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрывающегося плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 28.05.2022г.

Заведующий кафедрой



**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Ғайнеденова Алтынай

Тақырыбы: Атырау қаласының шығыс ауданын жылумен жабдықтау - ҒАЙНЕДЕНОВА АЛТЫНАЙ.docx

Жетекшісі: Берикбай Унаспеков

1-ұқсастық коэффициенті (30): 9.1

2-ұқсастық коэффициенті (5): 3.1

Дәйексөз (35): 0.3

Әріптерді ауыстыру: 56

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 2

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні 28.04.2022 з.

Кафедра меңгерушісі

Алимов Р.
Алимов

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Ғайнеденова Алтынай

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Атырау қаласының шығыс ауданын жылумен жабдықтау - ҒАЙНЕДЕНОВА АЛТЫНАЙ.docx

Научный руководитель: Берикбай Унаспеков

Коэффициент Подобия 1: 9.1

Коэффициент Подобия 2: 3.1

Микропробелы: 2

Знаки из других алфавитов: 56

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 28.04.2022

проверяющий эксперт

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Ғайнеденова Алтынай Қайратқызы

Атырау қаласының шығыс ауданын жылумен жабдықтау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд., қауым. проф.

 К.К. Алимова

«10» 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “ Атырау қаласының шығыс ауданын жылумен жабдықтау ”

Мамандығы 5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған



Гайнеденова А.Қ.


Пікір беруші



 кандидата
Ботыханов Е.К.
«5» 2022 ж.

Жетекші

техн. ғыл. д-ры, зерт., профессор

 Унаспеков Б.А.

«10» 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., қауым.проф.
Алимова К.К.
«24» 01 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Ғайнеденова Алтынай Қайратқызы

Тақырыбы: Атырау қаласының шығыс ауданын жылумен жабдықтау

Университет басшысының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489-П/Ө
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Атырау қаласының бас жобасы;
халық тығыздығы $m=532$ ад/га; қаланың климатологиялық деректері $t_o' =$
минус 24,9 град; $t_{om} = 1,7$ град; $n_o=172$ тәулік; жылу көзі АҚ; ашық жылумен
қамту жүйесі; судың қаттылығы $3,5 \div 5$ мг-экв/дм³; жылу тасымалдағыш
параметрлері 150-95-70 градус.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономика бөлімі.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Атырау қаласының бас жобасы; 2) Жылу желілерінің есептік сұлбалары;
3) Жылу желісінің пьезометрлік графигі; 4) Жылу желілерінің монтаждық
сұлбасы; 5) Құрылыстың бас жоспары, күнтізбелік жоспар;

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	03.02.2022-20.03.2022	<i>орындалды.</i>
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	23.03.2022-07.04.2022	<i>орындалды.</i>
Экономика бөлімі	07.04.2022-10.04.2022	<i>орындалды.</i>

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З.Кашкинбаев техн.ғыл.д-ры, профессор	07.04.2022	<i>[Signature]</i>
Экономика бөлімі	Б.А.Унаспеков техн.ғыл.д-ры, зерт., профессор	03.05.2022	<i>[Signature]</i>
Норма бақылау	А.Н.Хойшиев техн.ғыл.канд., қауым.проф.	06.05.2022	<i>[Signature]</i>

Жетекші

[Signature] Унаспеков Б.А.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

[Signature] Гайнеденова А.Қ.

Күні

«25» 01 2022 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобаның мақсаты Атырау қалаласының шығыс ауданын жылумен жабдықтау жүйесін құру болып табылады. Дипломдық жобасының негізгі бөлігі құрылыс нормалары мен жобаларын ескере отырып, Атырау қаласының орналасу аймағы және климаттық ерекшеліктеріне сүйеніп жылумен жабдықтау жүйесін оңтайлы тәсілмен ұйымдастыру болып табылады.

Құрылыстың бас жоспары мен жұмысшылардың қозғалыс кестесі жасалып, сондай-ақ, күнтізбелік жоспар, жылу оқшаулағыш материалдардың шығыны есептелді. Жылу оқшаулағыш материалдардың шығыны жылумен жабдықтау жүйелері үшін оңтайлы бағамен болуы назарға алынды.

Барлық жабдықтарды экономикалық оңтайлы тәсілмен есептей отырып, қорытынды таңдаулар жасалынды. Соңғы қорытынды бөлімде дипломдық жобадағы жылумен қамтуда жалпы шешімдер беріліп, тиімді жолдар ұсынылған.

АННОТАЦИЯ

Цель дипломного проекта – создание системы теплоснабжения восточной части г. Атырау. Основная часть дипломного проекта – организация системы теплоснабжения оптимальным образом с учетом строительных норм и проектов, исходя из расположения и климатических особенностей г. Атырау.

Составляется генеральный план строительства и график движения рабочих, а также календарный план, рассчитывается стоимость теплоизоляционных материалов. Отмечено, что расход теплоизоляционных материалов оптимален для систем отопления.

Окончательный выбор был сделан, рассчитав все оборудование экономически целесообразным образом. В заключительном разделе приведены общие решения по теплоснабжению в дипломном проекте и предложены эффективные пути.

ABSTRACT

The purpose of the diploma project is to create a heat supply system in the eastern part of Atyrau. The main part of the diploma project is the organization of the heat supply system in an optimal way, taking into account the construction standards and projects, based on the location and climatic features of Atyrau.

The general plan of construction and the schedule of movement of workers are made, and also the calendar plan, the cost of thermal insulation materials is calculated. It was noted that the consumption of thermal insulation materials is optimal for heating systems.

The final selection was made, calculating all the equipment in an economically viable way. The final section provides general solutions for heat supply in the diploma project and suggests effective ways.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобаланатын қаланың негізгі сипаттамалары	8
1.2 Жылу жүктемелерін анықтау	8
1.3 Жылытудағы жылдық жылу шығындарын анықтау	10
1.4 Жылыту үшін жылу жіберуді реттеу есебі	12
1.5 Жылу желісіндегі есепті су шығыны	13
1.6 Жылытудың гидравликалық есептері	15
1.7 Жылу желілері үшін сорғыш таңдау	16
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	20
2.1 Құрылыс объектісінің жалпылама сипаттамасы	20
2.2 Құрылыс – жинақтау жұмыстары көлемінің тізімдемесі	20
2.3 Құрылыс жинақтау жұмыстары	22
2.4 Құрылыс жұмыстарының технологиясы	23
2.5 Құрылыстағы жұмыстар өндірісінің және жұмысшылар	26
2.6 Жұмыс барысындағы еңбек қорғау және техника қауіпсіздік	26
шаралары	
3 Экономика бөлімі	28
3.1 Технико – экономикалық есептеулері	28
3.2 Пайдалану шығындарын есептеу	26
ҚОРЫТЫНДЫ	
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	
ҚОСЫМШАЛАР	

КІРІСПЕ

Жылу желісі - жылу тасымалдағыштарды пайдалана отырып, жылу көздерінен жылу тұтынушыларға тасымалданатын жылу құбырларының өзара тығыз байланысқан қатысушыларының жүйесі. Жылу желілерінің негізгі элементтері арқылы өзара жалғанған болат құбырлардан тұратын құбыр, құбырды сыртқы коррозиядан және жылу жоғалтудан қорғауға арналған оқшаулағыш құрылым және құбырдың салмағын және оны орнату кезінде пайда болатын күштерді қабылдайтын тірек конструкциясы болып табылады.

Жылумен қамтамасыз ету – біздің өміріміздегі маңызды сала. Ол біздің үйге жылу әкеледі, сондай-ақ заманауи әлемде күнделікті қажетті ыстық сумен жабдықтауды қамтамасыз етеді. Заманауи жылумен жабдықтау жүйелері ресурстарды айтарлықтай үнемдейді, пайдалану ыңғайлы, санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келеді, көлемі жағынан кішірек және эстетикалық жағынан тартымды көрінеді.

Дипломдық жобалаудың тақырыбы «Атырау қаласының шығыс ауданын жылумен жабдықтау». Жобалаудың негізгі мақсаты Атырау қаласының шығыс ауданының тұрғындарын орталықтандырылған жылумен жабдықтау болып табылады. Жаңа жобаланған жылу торабына жылу желілерінің диаметрін анықтап, содан соң оған есепті сұлба қарастыратын боламыз. Жылу тасымалдағыш ретінде су пайдаланылады. Дипломдық жобада тұрғындарға сондай-ақ, қоғамдық ғимараттарға қажет етілетін су шығындары есептелген. Атырау қаласы климат бойыншалық деректеріне сүйене отырып, ауа температурасын ескеретін график құрылады. Тордағы жылудың шешімі: шектеулі экран ұстағыш, оқшауланған болат құбырлардан полиуретанды көбік.

Жылумен қамту жүйесі ашық жүйе. Атырау қаласының шығыс ауданындағы барлық тұтынушыларын жылумен қамтамасыз ету үшін бас магистральден қосымша тарам қарастырылады.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобаланатын қаланың негізгі сипаттамалары

Жылумен жабдықтауды жобалау үшін Атырау қаласының шығыс ауданы тандалынып алынды. Аудан тұрғындарының саны 170362 адам (2022). Қазақстан қалаларындағы халық саны бойынша 7-ші орынды алады. Қаладағы негізгі кәсіпорындардың 85 пайызын мұнай өндірісі құрайды. Қазіргі таңда Атырау қаласында инфрақұрылымның барлық түрлері де дамыған. Қала аумағында 1 ЖЭО жұмыс істейді. Жалпы жер аумағы 118 631 км².

Жобалауға қажетті сыртқы ауаның климотологиялық мәліметтері ҚН бойынша алынды. Ең суық бес күндік апта ауасының температурасы минус 24,9°С құрайды және жылыту кезеңіндегі орташа температура 1,7°С, ал жылытылатын мерзімінің ұзақтылығы 172 тәулікке тең болып келеді.

Жазық аймақта желдің бағыты батыс және солтүстік бағытқа қарай соғады. Қыс кезінде шығыс бағытқа қарай жел екпіні үдей түседі. Осы бағыттар арқылы ҚН мәліметтерін пайдалана отырып жел раушаны графигін тұрғызамыз.

1.2 Жылу жүктемелерін анықтау

Елді мекендерге жылу беру жүйелері негізінен үш кезеңнен: жылу энергиясын дайындау, оны тасымалдау, пайдаланудан тұрады. Инженерлік жүйелерге жұмсалатын жылутасымалдағыш шығыны - жылу жүктемелері немесе жылу ағындары деп қабылданады. Жылумен қамту жүйелерін жобалау үшін қалалар мен қоныстанған мекендердің тұрғын және қоғамдық ғимараттарының инженерлік жүйелерінің жылу жүктемелерін (ағындарын) сәйкес типтік жобалар бойынша қабылдауға болады. Ал жобалар болмаған жағдайда қаланың тұрғын аудандары (кварталы) мен өзге де тұрғын аймақтары үшін жылыту, желдету және ыстық сумен қамту жүйелерінің жылу ағындары іріктелген көрсеткіштер арқылы анықталуы мүмкін.

Инженерлік жүйелер ретінде жылыту, желдету, ауа баптау және ыстық сумен қамту жүйелері қарастырылады, олар пайдаланатын жылутасымалдағыш шығыны - жылу жүктемелері деп саналады. Жылу пайдаланатын тұтынушылардың әртүрлі тұтыну сипаттары бар. Ғимараттардың жылыту және желдету жүйелері тек жылытылатын мерзімде жұмыс атқарады, яғни жылу 15 қазаннан 15 сәуірге дейін беріледі, ал ыстық сумен қамту жүйелері мен кәсіпорындарының технологиялық процестеріне жылу күнделікті жыл бойында пайдалануда. Жылу тұтыну сипаттары бойынша жылу жүктемелерін: маусымдық және жыл бойындағы деп екі топқа бөлуге болады.

Маусымдық жылу жүктемелері климаттық жағдайларға байланысты, себебі жылытылатын мерзімде жылу шығыны сыртқы ауа температурасына байланысты өзгереді. Жыл бойындағы жылу жүктемелеріне тұрғын үйлердің

ыстық сумен қамту жүйелері, қоғамдық ғимараттардың коммуналды – тұрмыстық және өндірістік кәсіпорындардың технологиялық қажеттіліктері қарайды. Жыл бойындағы жылу жүктемелері негізінен сыртқы ауа температурасына байланысты емес (немесе өте аз байланысы), олардың жылу шығындары жыл бойы тұрақты, ал тәулік бойы өзгерісті болып саналады. Орталықтандырылған жылумен қамту жүйелерінде маусымдық және жыл бойындағы жылу жүктемелері қарастырылады.

Жылумен қамту жүйелерін жобалау үшін тұрғын, қоғамдық, өндірістік ғимараттарды жылыту, желдету мен ыстық сумен қамту үшін максималды жылу ағымдарын на сәйкес типтік жобалар бойынша қабылданады. Жоба болмаған жағдайда қалалардың тұрғын аудандары мен өзге де тұрғын аймақтары үшін жылыту, желдету мен ыстық сумен қамтудың жылу ағымдарын үлкейтілген көрсеткіштер бойынша тұрғындардың саны мен құрылыстың жалпы ауданының көмегімен анықталуы мүмкін.

Жылыту жүйесінің жылу жүктемелері анықтау үшін аудандағы адамдар саны керек. Тұрғылықты халық санын төмендегі өрнекпен анықтауға болады:

$$m = F_{\text{кв}} \cdot \rho, \text{ адам}, \quad (1.1)$$

$$m = 3,28 \cdot 532 = 1745 \text{ адам},$$

мұндағы $F_{\text{кв}}$ – квартал ауданы, га.;

ρ - халықтың тығыздығы, адам/га.

Ауданның ғимараттарының салынған жалпы ауданы (A), бір адамға аудан нормасы (f) мен ауданда тұратын адамдар саны (m) көбейтілуі арқылы анықталады. Бұл жерде бір адамға аудан нормасы $f = 18 \text{ м}^2$.

$$A = m \cdot f, \text{ м}^2, \quad (1.2)$$

$$A = 1745 \cdot 18 = 31409 \text{ м}^2.$$

Келесі кезекте тұрғын және қоғамдық ғимараттардың жылытуға қажетті максималды жылу ағымын анықтау формуласын пайдаланып, есептеу жүргіземіз:

$$Q_o = q_o \cdot A \cdot (1 + K_1), \text{ Вт}, \quad (1.3)$$

$$Q_o = 80,9 \cdot 31409 \cdot (1 + 0,25) = 3,172 \cdot 10^6 \text{ Вт},$$

мұндағы q_0 - тұрғын ғимараттарын жылытуға үлкейтілген максималды жылу ағынының көрсеткіші, Вт/м², қабылданды $q_0=80,8$ Вт/ м²;

K_1 - қоғамдық ғимараттарды жылытуда ағымды есепке алатын коэффициент 0,25

Қоғамдық ғимараттарды желдетуге максималды жылу ағыны:

$$Q_v' = K_1 \cdot K_2 \cdot q_0 \cdot A, \text{ Вт}, \quad (1.4)$$

$$Q_v' = 0,25 \cdot 0,6 \cdot 80,8 \cdot 31409 = 0,381 \cdot 10^6 \text{ Вт},$$

мұндағы K_2 - қоғамдық ғимараттарды желдетуге максималды жылу ағынын ескеретін коэффициент. Жаңа типтік жоба 1985 жылдан кейін салынған құрылыс болғандықтан $K_2 = 0,6$ қабылданылды .

Ғимараттарды ыстық сумен қамтамасыз ету үшін орташа жылу ағыны анықталады:

$$Q_{hm} = q_h \cdot m, \text{ Вт}, \quad (1.5)$$

мұндағы q_h – тұрғын үйлердің бір адамға қажетті ыстық су жүйесінің жылу ағынының орташа іріктелген көрсеткіші болып табылады, Вт. ҚНЖЕ бойынша $a=85 \div 115$ л/тәулік қабылданады. Қаланың орналасуына байланысты, тұрғын үйлерде тәулікте 1 адамға берілетін ыстық су мөлшері $a=105$ л болғандықтан $q_h=376$ Вт/адам .

Жылытылмайтын кезеңінде ыстық сумен қамтамасыз ету үшін орташа жылу ағыны:

$$Q_{hm}^s = Q_{hm} \cdot \frac{60 - t_c^s}{60 - t_c} \cdot \beta, \text{ Вт}, \quad (1.6)$$

мұндағы 60-ыстық судың есепті температурасы, °С;

Жылумен жабдықтау жүйесінің есепті жылу ағындарының есептеу нәтижесі А.1 кестеде көрсетілген.

1.3 Жылытудағы жылдық жылу шығындарын анықтау

Жылумен жабдыкталатын аудандарға міндетті түрде жылдың жылдық жылу ағындары анықталады :

- жылытуға;

$$Q_{o}^{жбыл} = 86,4 \cdot Q_{om} \cdot n_o, \text{ кДж/жыл}, \quad (1.10)$$

$$Q_{o}^{жбыл} = 86,4 \cdot 117679 \cdot 172 = 1748804 \text{ МДж/жыл},$$

- желдетуге;

$$Q_v^{жбыл} = 3,6 \cdot Z \cdot Q_{vm} \cdot n_o, \text{ кДж/жыл}, \quad (1.11)$$

$$Q_v^{жбыл} = 3,6 \cdot 16 \cdot 14121 \cdot 172 = 139,899 \text{ МДж/жыл},$$

- ыстық су үшін.

$$Q_{hm}^{жбыл} = 86,4 \cdot [Q_{hm} \cdot n_o + Q_{hm}^s \cdot (350 - n_o)], \text{ кДж/жыл}, \quad (1.12)$$

$$Q_{hm}^{жбыл} = 86,4 \cdot [64056 \cdot 172 + 41928 \cdot (350 - 172)] = 1596743 \text{ МДж/жыл},$$

мұндағы Z – қоғамдық имараттарда желдету жүйесінің тәуліктік орташа жұмыс уақыты сағатының саны, қоғамдық ғимараттарға 16 сағат, демек екі ауысым қабылданады.

Жылытылатын мерзім кезінде орташа жылу жүктемелері анықталады:

- жылытуға;

$$Q_{om} = Q_o' \cdot \frac{t_i - t_{om}}{t_i - t_o'}, \text{ Вт}, \quad (1.13)$$

$$Q_{om} = 309,719 \cdot 10^6 \cdot \frac{18 - 1,7}{18 + 24,9} = 117,679 \cdot 10^6 \text{ Вт},$$

- желдетуге.

$$Q_{vm} = Q_v' \cdot \frac{t_i - t_{om}}{t_i - t_o'}, \text{ Вт}, \quad (1.14)$$

$$Q_{vm} = 37,166 \cdot 10^6 \cdot \frac{18 - 1,7}{18 + 24,9} = 14,121 \cdot 10^6 \text{ Вт},$$

мұндағы t_i - жылытылатын үйдің ішкі орта ауасының температурасы 18°C деп қабылданады;

t_{om} - жылытылатын мерзім кезінде ауаның сыртқы орташа температурасы;

t'_0 – сыртқы ауаның есепті температурасы.

Жылудың жылдық жүктемелерінің қосындысы төмендегідей анықталады:

$$\Sigma Q^{жыл} = Q_0^{жыл} + Q_v^{жыл} + Q_{hm}^{жыл}, \text{ МДж/жыл}, \quad (1.15)$$

$$\Sigma Q^{жыл} = 1748,804 + 139,889 + 1596,743 = 3485,436 \text{ МДж/жыл}.$$

Ағымды сыртқы ауа температурасына сәйкес жылу ағындарының есептеу нәтижесі А.2 кестеде көрсетілген.

Атырау қаласы үшін әр сандағы сыртқы ауа температуралары аралықтарының уақыт мерзімдері А.3 кестеде көрсетілген.

1.4 Жылыту үшін жылу жіберуді реттеу есебі

Жылумен қамту желілеріне қосылған кезінде жылу тұтынушылардың талаптарына сәйкестендіріле отыра жылудың параметрлерін өзгертуді жылу жіберуді реттеу деп атайды. Жылыту жүйесінің жылу ағымдары сыртқы ауа температурасына байланысты. Сондықтан жылыту мерзімінде тасымалдағыштың құбырдағы температуралары келесі әдістермен анықталады:

Жылу торабының беретін желісіндегі жылу тасымалдағыштың температурасы сыртқы ауаның температурасы 15°C болған кездегі мысалмен:

$$\tau_{o1} = t_i + (\tau_{жа} - t_i) \cdot Q_o^{0.75} + (\tau'_{o1} - \tau'_{жа}) \cdot Q_o, ^\circ\text{C}, \quad (1.16).$$

Сыртқы ауаның температурасы 150°C болған жағдайдағы жылу торабының қайтатын желісіндегі температурасы:

$$\tau_{o2} = \tau_{o1} - (\tau'_{o1} - \tau'_{o2}) \cdot Q_o, ^\circ\text{C}, \quad (1.17)$$

Элеватордан шығатын судың жылытуға беретін желісіндегі температура:

$$\tau_{cm} = \tau_{o1} - (\tau'_{o1} - \tau'_{cm}) \cdot Q_o, ^\circ\text{C}, \quad (1.18)$$

мұндағы $Q_o = \frac{t_i - t_H}{t_i - t'_o}$ – жылыту жүйесіндегі салыстыру ағындары, Вт;

τ'_{o1} – жылу желісінің беретін кубырындағы тасымалдауыштың есепті температурасы, $^\circ\text{C}$;

τ'_{o2} — жылу желісінің қайтатын құбырындағы тасымалдауыштын есепті температурасы, °C;

τ'_{cm} — жергілікті жылыту жүйесінің беретін құбырындағы тасымалдаушының температурасы, °C;

t_i — жылытылатын болмеге керекті ішкі ауаның температурасы;

$\tau'_{жа}$ — жылыту аспабындағы жылутасымалдағыштың орташа температурасы, °C.

Жылытылатын мерзімде Атырау қаласына плюс 8°C бен минус 24,9°C дейін сыртқы ауа температураларының әрқайсысына байланысты жылу желісінде беретін, қайтатын және жергілікті жылытудың жүйесінде беретін құбыр желісінің температурасы есептелінеді.

Табылған беретін және қайтатын ағынды құбырлардың температурасына сәйкес тиісті жылытулық температура графигі деп аталатын кестені жасау қажет. Сынық нүктесі жылыту жүйесіне реттеледі.

Жылытулық температуралық графигінің есептелген нәтижелері А.4 және А.5 кестелерде көрсетілген.

1.5 Жылу желісіндегі есепті су шығыны

Сулы жылу желілерінде гидравликалық есебінде жеке учаскелер бойынша судың есептік шығындары негізі болады.

Ашық жылумен қамту жүйелерінің екі құбырлы жылу желілерінде жылытылатын мерзім үшін желілік судың шығыны анықталады:

$$G_d = G_0 + G_v + K_3 G_{ihm}, \text{ кг/с}, \quad (1.20)$$

мұндағы G_0, G_v, G_{ihm} — жылытуға, желдетуге және ыстық сумен қамтуға есептік судың шығындары, кг/с;

Жылытылмайтын мерзімге құбырындағы есепті су шығыны:

$$G_d^s = \beta G_{h\max}, \text{ кг/с}. \quad (1.21)$$

Жылу энергиясын қолданатын тұтынушылар үшін су шығыны анықталады:

- жылыту жүйесіне;

$$G_o = \frac{Q_o \cdot 10^3}{c(\tau'_1 - \tau'_2)}, \text{ кг/с}, \quad (1.22)$$

$$G_o = \frac{8,298 \cdot 10^3}{4.19 \cdot (150 - 70)} = 24,762 \text{ кг/с},$$

- желдету жүйесіне.

$$G_v = \frac{Q_v \cdot 10^3}{c(\tau'_1 - \tau'_2)}, \text{ кг/с}, \quad (1.23)$$

$$G_v = \frac{0,996 \cdot 10^3}{4.19(150 - 70)} = 2,971 \text{ кг/с},$$

мұндағы Q_o – жылыту жүйесінің жылу жүктемесі, кВт;

Q_v – желдету жүйесінің жылу жүктемесі, кВт;

c – судың жылу сиымдылығы 100°C болғандағы, кДж/кг $^\circ\text{C}$;

τ'_1 – жылуды тасымалдау торабының беретін құбырындағы судың есепті температура, $^\circ\text{C}$;

τ'_2 – жылу тасымалдау торабының қайтатын құбырындағы судың есепті температура, $^\circ\text{C}$.

Жылытылмайтын мерзімдегі ыстық сумен қамтамасыз етуге ашық жылумен қамту жүйесіне арналған су шығыны:

- орташа;

$$G_{hm} = \frac{Q_{hm} \cdot \beta \cdot 10^3}{c(t_h - t_c)}, \text{ кг/с}, \quad (1.24)$$

$$G_{hm} = \frac{1,716 \cdot 10^3 \cdot 0.8}{4.19(60 - 5)} = 7,449 \text{ кг/с},$$

- максималды.

$$G_{h\max} = \frac{Q_{h\max} \cdot 10^3}{c(t_h - t_c)}, \text{ кг/с}, \quad (1.25)$$

$$G_{h\max} = \frac{4,119 \cdot 10^3}{4,19 \cdot (60 - 5)} = 17,878 \text{ кг/с},$$

мұндағы c – судың меншікті жылусыйымдылығы, қабылданады $4,19$ кДж/кг $^{\circ}$ С;

t_h, t_c – ыстық және суық судың температуралары, $^{\circ}$ С;

β – жылытылатын мерзімге қарағанда жылытылмайтын мерзімдегі ыстық сумен қамту жүйесінің орташа жылу ағынының өзгеруін ескеретін коэффициенті $0,8$.

Жылу желілерінде жылытылатын, жылытылмайтын және бақылау тәртіптегі су шығындарының есептеу нәтижелері А.6 кестеде келтірілген.

1.6 Жылу желілерінің гидравликалық есептері

Жылумен қамту жүйелерін жобалауда сулы жылу желілері құбырларының гидравликалық есебі ең қажетті саты болып табылады. Бұл есепті өткізу үшін жылу көзінің орны, жылу желілерінің бағыты мен сұлбалары таңдалады, тұтынушылардың жылу жүктемелері мен желілік судың есептік шығындары анықталады.

Гидравликалық тәртіпте гидростатикалық және гидродинамикалық реттеу қарастырылады. Гидростатикалық реттеу – жылумен қамту жүйесінің тұтынушыларын қажетті мөлшерде толығымен су қысымымен қамтамасыздандыру. Төменгі шектегі тұтынушыларды сумен толтыруын қамтамасыз ету қажет. Статикалық арынның орналасуы жобалау ауданындағы ең биік ғимараттан $3-5$ метр жоғары қабылданады. Гидродинамикалық реттеу – гидравликалық есептеулер жүргізілу нәтижесінде алынған қысымның жоғалуларына байланысты құралады. Жылу желілерін гидродинамикалық тәртіпте ұстау дегеніміз, ол толтырғыш сораппен қоса желілік сораптың бір уақытта қызмет атқаруымен сипатталады. Гидравликалық есептеулер нәтижесінде желілердің диаметрлері және құбырлардағы қысым жоғалуы анықталады.

Жылу желілер құбырларында судың қозғалуына байланысты қысым жоғалуы пайда болады, бұл әр бөлікке төмендегі өрнекпен анықталады:

$$\Delta P = \Delta P_d + \Delta P_m, \text{ Па}, \quad (1.26)$$

мұндағы ΔP_d – ұзындыққа жоғалатын қысым, Па;

ΔP_m – жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, Па.

Желілердің ұзындығында қысым жоғалуы төмендегідей анықталады:

$$\Delta P_{\lambda} = \Delta R_{\lambda} \cdot l, \text{ Па}, \quad (1.27)$$

мұндағы R_{λ} – әр 1 м ұзындықтағы қысым жоғалуы;

l – учаскелердегі құбырдың ұзындықтары.

Жылу құбыр тораптарындағы жергілікті әсер ететін кедергілердің анықталуы төмендегі өрнекпен есептелінеді:

$$\Delta P_{\lambda} = \Delta R_{\lambda} \cdot l \cdot \alpha, \text{ Па}, \quad (1.28)$$

мұндағы α – желі диаметрлеріне және теңелткіш түріне байланысты жергілікті кедергілердің жалпы эквиваленттік қашықтықтарын анықтайтын коэффициенті.

Жылу құбырларының әрбір жеке учаскедегі қысым жоғалуларын (1.27) және (1.28) өрнектерін пайдалану арқылы есептеулер жүргізуге болады, сондай-ақ төмендегідей есептеледі:

$$\Delta P = \Delta R_{\lambda} \cdot (l + (l \cdot \alpha)) = R_{\lambda} \cdot l_{np}, \text{ Па}, \quad (1.29)$$

мұндағы l_{np} – желі учаскесінің есептелінген ұзындығы, м.

Учаскедегі жоғалатын арын келесі өрнекпен есептелінеді:

$$\Delta H = \frac{\Delta P}{\rho \cdot g}, \text{ м}, \quad (1.30)$$

мұндағы g – бос құлаудағы жылдамдық, ол $9,81 \text{ м/сек}^2$ болып қабылданады;

ρ – су тығыздығы, 1000 кг/с .

Жылумен жабдықтау жүйелерін жобалаудағы арнайы сатысын есептеуге су шығындарының көрсеткіштерін қолданап, жоғалатын қысым және арындардың нәтижелерін, сонымен қатар жылу тасымалдағыш жылдамдығын анықтаймыз.

Жылу желілерінің гидравликалық есептеулері А.7-А.18 кестелерде көрсетілген.

Жылу желілері гидравликалық тәртіптерін графикалық түрде суреттеу ыңғайлы, яғни пьезометлік график арқылы. Жылу желілерінің гидродинамикалық және гидростатикалық тәртіптері үшін пьезометлік график құрастырылады. Пьезометрлік графикті құрастыруды гидростатикалық тәртіптен бастайды. Гидростатикалық тәртіпті құрастыру басты мақсаты - жылумен қамту жүйелерінде қысымды қажетті шекте қамтамасыз ету.

1.7 Жылу желілері үшін сорғыш таңдау

Орталықтандырылған жылумен қамту жүйелерінің жылу көзінде тағайындалуы әртүрлі сорғыштар қарастырады. Толтырғыш сорғыш жылу желісінің гидростатикалық тәртібін қажетті деңгейде ұстайды, сонымен қатар гидродинамикалық тәртіп үшін есепті су шығындарын қамтамасыз етеді. Желілік сорғыш гидродинамикалық тәртіпте тұтынушыларға есепті су шығындарын тасымалдайды. Сорғыштарды таңдау үшін олардың екі негізгі көрсеткіші, нақты өнімділігі мен арыны қажет.

Желілік сорғыш. Сорғыштың өнімділігі жылытылатын мерзіміндегі есепті су шығынына тең қабылданады :

$$G_{жс} = G_d = G_o + G_v \cdot 3.6, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.31)$$

$$G_{жс} = 1035107 \cdot 3.6 = 37263852 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Сорғыштың арыны құрастырылған пьезометрлік графигінен анықталады:

$$H_{жс} = H_{жж} + H_T + H_{жк}, \text{ м}, \quad (1.32)$$

$$H_{жс} = 40 + 16,946 + 25 = 98,892 \text{ м},$$

мұндағы $H_{жж}$ – жылу беретін және қайтатын құбырдағы арынның жалпы жоғалуы;

H_T – жылу желісіндегі ең соңғы жылу тұтынушының арынының жоғалуы;

$H_{жк}$ – жылу өндіретін көздегі арынының жоғалуы.

Желілік сораптың жұмысқа таңдалыну минимальді саны 2 дана, оның 1-уі резервті болып есептелінеді. Желілік сораптың түрлері мынадай маркаларын қолдануға болады: СЭ, Д және СД.

Желіге таңдалған сораптың түрі СЭ – 1250-140, жылу көзіне үш дана қойылады:

- өнімділігі – 1250 м³/сағ;
- арын – 140м;
- айныалу жиілігі – 1500 айн/мин;
- кавитациялық қоры – 7,5м;
- қуаты – 580кВт;
- ПЭК 81 пайыз.

Толтырғыш сорғыш. Ашық жылумен қамту жүйесінің сорғыштың өнімділігі:

$$G_{mc} = 0.0075 \cdot (V_{жжж} + V_o + V_v + V_h) + G_{hm} \cdot 3.6, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.33)$$

$$G_{mc} = 0.0075 \cdot (8218,82 + 7742,975 + 55,749 + 320,28) + 278,028 \cdot 3.6 \approx 1123 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

мұндағы $V_{жжж}$ – жылу желілері суының көлемі;

V_o – жылыту жүйесінің құбырлары суының көлемі;

V_v – желдету жүйесі суының көлемі;

V_h – ыстық сумен жабдықтау жүйесінің көлемі;

0,0075 - тарамдалған жылу желілеріндегі 1сағатта жоғалатын судың көлемі болып авариялық жағдайда қабылданады.

Жылумен жабдықтау жүйелеріне керекті су көлемдері келесідей анықталады:

- жылу желілерінде;

$$V_{жжж} = Q_{жжж} \cdot U_{жжж}, \text{ м}^3, \quad (1.34)$$

$$V_{жжж} = 410,941 \cdot 20 = 8218,82 \text{ м}^3,$$

- жылытуға;

$$V_o = Q_o \cdot U_o, \text{ м}^3, \quad (1.35)$$

$$V_o = 309,719 \cdot 25 = 7742,975 \text{ м}^3,$$

- желдетуге;

$$V_v = Q_v \cdot U_v, \text{ м}^3, \quad (1.36)$$

$$V_v = 37,166 \cdot 1,5 = 55,749 \text{ м}^3,$$

- ыстық сумен қамтуға.

$$V_{hm} = Q_{hm} \cdot U_{hm}, \text{ м}^3, \quad (1.37)$$

$$V_{hm} = 64,056 \cdot 5 = 320,28 \text{ м}^3,$$

мұндағы $Q_{жжж}$ – жылу желілерінің жалпы жылу жүктемесі, мВт;

Q_o – жылытуға есепті жылу ағыны;

Q_v – желдетуге есепті жылу ағыны;

Q_h – ыстық сумен қамтуға есепті жылу ағыны;

$U_{жж}$ – жылу желілерінің нормативтік судың көлемі $20\text{м}^3/\text{МВт}$;

U_o – жылыту жүйесіндегі нормалық судың көлемі $25\text{м}^3/\text{МВт}$;

U_v – желдетуге жүйесінің нормалық суының көлемі $1,5\text{м}^3/\text{МВт}$;

U_h – ыстық сумен қамтуға нормативтік меншікті су көлемі $5\text{м}^3/\text{МВт}$ тең қабылданады.

Толтырғыш сорғыштың арынын пьезометрлік графиктен максималды арынымен қабылдаймыз $H_{TC}=135,3\text{м}$, негізінде статикалық тәртіптегі арынмен анықталады. Тандалынылған сорап типі СЭ 2500-160, су шығынына байланысты жылу көзіне 3 дана таңдалды, олардың біреуі резервті:

- су шығару өнімділігі – $2500\text{ м}^3/\text{сағ}$;
- арыны – 150 м ;
- қалақша айналу жиілігі – 1500 айн/мин ;
- сораптың қуаты – 160 кВт .

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

2.1 Құрылыс объектісінің жалпылама сипаттамасы

Құрылыс орны – Атырау қаласының шығыс ауданы;
Құрылыс объектісі – жылу желісінің бас магистралінің жер астымен бөлігі;
Құбырларды төсеу әдістері – құбырды жер астымен каналды төсеу, ұзындығы – 410 м, диаметрі 400 мм;
Теңелткіштердің берілген бөліктегі жалпы саны – 8 дана;
Тұрғылықты жерде жылу желісінің орналасқан орны – жолда.
Жолдың енінің өлшемі - 24 м, жүретін жер ені – 2 м, көгал – 6 м;
Жер астымен өтетін бөліктің абсолюттік белгісі минус 20 м, соңында минус 19,5 м.
Жер топырағының түрі – құмды топырақ;
Жер асты суы деңгейі – 2,7 м;
Жердің қату тереңдігі – 1,9 м.

2.2 Құрылыс – жинақтау жұмыстары көлемінің тізімдемесі

Жер жұмыстарына топырақты араластыру және өңдеу жұмыстары кіреді. Жер жұмыстарының көлемін есептеу үшін, алдымен траншеялардың габариттік өлшемдерін есептеу қажет, ал теңелткіштер үшін котловандарды есептеу керек. Алынған аралық үшін каналсыз 400 мм диаметр үшін ұзын траншеяның түбі бойынша енін анықтау:

$$b = D + D' + 0,95 \text{ м}, \quad (2.1)$$

$$b = 1,8 + 0,95 = 2,75 \text{ м},$$

мұндағы D, D' – беретін және қайтатын құбырлардың сыртқы диаметрі, диаметрі 377 мм құбыр үшін ППУ құбырының сыртқы диаметрі 400 мм.

Жер бетін өңдеу ені – 6,9 м болады. Жылу желісі төселінетін жер кыртысының ұзындығы – 410 м. Өңдеу жұмыстарының ауданы:

$$S = B + 0,2 \cdot L \text{ м}^2, \quad (2.2)$$

$$S = 6,9 \cdot 410 = 2829 \text{ м}^2,$$

мұндағы B – траншеяның үстіңгі ені;

0,2 – жер қабатын өңдеу кезіндегі қосылатын аралық;

L – алынған аралықтың ұзындығы.

Жер бетінен құбырдың жоғарғы бетін дейінгі тереңдік – 1,9 м.

Жер қыртысынан құбырдың астына дейін тереңдігі – 2,3 м.
 Ұзын ордың үстіңгі ені төмендегіше анықталады:

$$B = b + 2 \cdot m \cdot h_{\text{тра}}, \quad (2.3)$$

$$B = 1,9 + 2 \cdot 2,50 \cdot 1 = 6,9 \text{ м},$$

мұндағы $m=1$ құм үшін қолданылады 5 метрге дейін;
 b – траншеяның тереңдегі ені, м.

Ұзын ордың көлденең қимасыны ауданы жылу құбырының диаметрі бойынша анықталады:

$$F = \frac{h_{\text{opt}} (B + b)}{2}, \text{ м}^2, \quad (2.4)$$

$$F = \frac{2,50 \cdot (6,9 + 2,75)}{2} = 12,06 \text{ м}^2.$$

Жылу желілерінің алынған бөлігіне жер жұмыстарының көлемі шыққан аудан бойынша оның ұзындығына көбейтіндісіне тең:

$$V = F \cdot l, \text{ м}^3, \quad (2.5)$$

$$V_{\text{тр}} = 12,06 \cdot 410 = 4944,6 \text{ м}^3,$$

мұндағы F – ұзын ордың көлденең қимасы ауданы, м^2 ;
 l – желі құбырының ұзындығы, м.

Жер жұмыстарының жалпы көлемі $V_{\text{тр}} = 4944,6 \text{ м}^3$.

Теңелткіштің қуысы

Ор түбінің өлшемі қуыстың өлшеміне карағанда 0,2 м үлкен деп алынады.
 Қуыстың өлшемі $4 \times 5,2$ м, онда ор түбінің өлшемі $4,2 \times 5,4$ м.

$$V_{\text{кт}} = (a \cdot b \cdot h) \cdot n, \text{ м}^3, \quad (2.6)$$

$$V_{\text{кт}} = (4,2 \cdot 5,4 \cdot 3,8) \cdot 8 = 689,472 \text{ м}^3,$$

мұндағы a, b, h – теңелткіш қуысының ені, биіктігі және ұзындығы, м;
 n – теңелткіштің саны, дана.

Жерді өңдеу жұмыстарының қолмен істеу пайызы 1,1:

$$V_p = (V_{\text{ор}} + V_{\text{кт}}) \cdot 0,011, \text{ м}^3, \quad (2.7)$$

$$V_p=(4344,6+689,472) \cdot 0,011=61,97 \text{ м}^3.$$

Жылу құбыры алдын ала оқшауланған ППУ құбырларының көлемдері: шартты диаметрі $d=377$ мм, сыртқы диаметрі $d_1=400$ мм, ұзындығы $l=410$ м;

$$V=3,14 \cdot 0,400 \cdot 410=502,4 \text{ м}^3.$$

Жерді өңдеу технологиялық жұмысының механикалық өңделу көлемі:

$$V_m=V_{op}+V_{кт}-V_p, \text{ м}^3, \quad (2.8)$$

$$V_m=502,4+689,472-61,97=1129,902 \text{ м}^3.$$

Қалпына кайта келтіру, көму жұмысына керекті топырақтың көлемі:

$$V_z=(V_{mp}+V_{кт}-V_z) \frac{1}{K_p}, \text{ м}^3, \quad (2.9)$$

$$V_z=(4944,6+689,472-1129,902) \cdot \frac{1}{1,045}=4310,210 \text{ м}^3,$$

мұндағы $\frac{1}{K_p}$ – қалған топырақты қопсыту коэффициенті.

Артық топырақтың сыртқа шығарылатын көлемі:

$$V_{ш}=V_z \cdot K_p, \text{ м}^3, \quad (2.10)$$

$$V_{ш}=4310,210 \cdot 1,045=4504,17 \text{ м}^3,$$

мұндағы K_p – қалған топырақтың қопсыту коэффициенті.

2.3 Құрылыс жинақтау жұмыстары

Жылумен қамту трассасын жүргізу барысында жұмыс орындарында жол қиылысу болған жерге уақытша өткелдер қарастырылды, берілген бөлікті жинақтау барысында бұндай өткелдердің саны 2 дана. Уақытша жүретін өткелдерінің ені жоба бойынша 4 метр болып алынды. Екі жақты қимылдар үшін, траншея еніне екі жағынан 1 метр ала есептелінеді:

$$B'=7+1+1=9\text{м}.$$

Жалпы барлық уақытша көпіршелердің ауданы:

$$S=9 \cdot 4 \cdot 2=72\text{м}^2.$$

Жүргізілетін жинақтау жұмыстардың ауқымы: $d=400$ мм; $l=410$ м;

Құбырларды звеноға жинастыру.

Құбырдың диаметрі 400 мм. Бір құбыр 10 м тең. Ал бір звено үш құбырдың ұзындығымен тең, сонда $l_3 = 30$ м болады. Бір звенодағы дәнекерленетін орын саны екіге тең. Барлық звенолардың саны мынаған тең:

$$n_m = \frac{L_H}{l}, \quad (2.11)$$

$$n_m = \frac{410 \cdot 2}{30} \approx 28,$$

мұндағы L_H - жердің асты бойынша төселетін құбырдың ұзындығы.

Жылжымайтын щитті тіреулер жылу желілерінің жинақтау сұлбасы бойынша алынады – 2 дана.

Жинақтау сұлба бойынша сальникті теңелткіштер саны – 8 дана.

Алынған аралық бойынша ұзындығы 410м, ал диаметрі 400мм бөлік үшін құрылыс жинақтау жұмыстарының тізімдемесі Ә.1 кестеде көрсетілген.

2.4 Құрылыс жұмыстарының технологиясы

Сыртқы жылу жүйелері құрылысын жаз мезгілде жұмыс жасауға ресурстарды тиімді тұтынатын тасқынды аралас тәсілмен жүргізіледі .

Жер қазу машинасын таңдау.

Ұзын орды өңдеуге жер қазатын машина ретінде кері күрекпен жабдықталған экскаватор қабылданады, орларды өңдеу көлік құралдарына топырақты арту тұрағынан төмен деңгейде жүргізіледі.

Экскаватор маркасын таңдау жалпы жұмыс көлеміне байланысты жүргізіледі. Экскаватор түрін таңдау кезінде мынадай жұмыс факторларын есепке ала отырып іске асырылады: жер қазу тереңдігі, топырақты төгу биіктігі, әрбір төгудің ара қашықтығы бойынша Hitachi ZX 200-5G маркалы экскаватор таңдалды.

Техникалық сипаттамасы: шынжыр табанды, шөміштің сыйымдылығы 1,1 м³; төгуінің биіктігі 10 м; ұзын орды және орды өте үлкен қазу тереңдігі 6,7 м; машинаға төгу аралығы 9,9 м деп таңдалды.

Көлік құралдарының санын анықтау

Көлік құралдарын үздіксіз пайдалану үшін көлік құралдары саны келесі тәртіппен анықталады:

$$n = \frac{g}{\rho \cdot V_k}, \quad (2.12)$$

$$n = \frac{14}{1.6 \cdot 1.1} = 7.9 \approx 8,$$

мұндағы g – автотүсіргінің жүк салмағы көтергіштігі (КАМАЗ-45142), т;
 ρ – топырақтың тығыздығы, т/м³;
 V_k – экскаватор шөмішінің көлемі, м³.

Бір сағат ішіндегі қазу саны (цикл):

$$n_c = \frac{\Pi_3}{V_k}, \quad (2.13)$$

$$n_c = \frac{40}{1.1} = 36,$$

мұндағы Π_3 – экскаватордың сағаттық қазу өнімділігі, м³/сағ;
 V_k – экскаватордың шөмішінің көлемі, м³.

Бір рет қазудың ұзақтығы:

$$t_c = \frac{3600}{n_c}, \text{ сек}, \quad (2.14)$$

$$t_c = \frac{3600}{36} = 100 \text{ сек.}$$

Бір жүк машинасын топырақпен толтыру ұзақтығы:

$$t_n = n \cdot t_c \cdot K_T, \text{ сағ}, \quad (2.15)$$

$$t_n = 8 \cdot 100 \cdot 0.85 = 680 = 0.19 \text{ сағ.}$$

Бір ауысымдағы камаздың сапар жасау саны:

$$N_p = \frac{2L}{V_{cp}} + t_c + t_n + t_b + t_m, \quad (2.16)$$

$$N_p = \frac{2 \cdot 4}{2} + 0.125 + 0.087 + 0.19 + 0.033 = 14.$$

Жалпы камаздың саны:

$$N_c = V_{из} \cdot \frac{\rho_{cp}}{(g \cdot N_p)}, \quad (2.17)$$

$$N_c = 45,66 \cdot \frac{1,4}{(14 \cdot 14)} \approx 3.$$

Құрастыру кранын таңдалынады.

Жылу желіснің құрылысы кезінде тиеу және түсіру, конструкцияларды жинақтау жұмыстарына автомобильді құлашты кран қолданылады. Кран таңдау жебе құлашымен жүк көтергіштігі және анықталады.

Кранның талап етілген жебе құлашын анықтау:

$$L_{cmp} = \frac{b}{2} + c + d, \text{ м}, \quad (2.18)$$

$$L_{cmp} = \frac{7}{2} + 1 + 1,3 = 5,8 \text{ м},$$

мұндағы b – ұзын ордың үстіңгі бөлік ені, м;

c – кранмен ұзын ор жанына дейінгі алшақтық, м;

d – кран дөңгелектерімен бұрылатын өсіне дейінгі аралық, м.

Shantui SD16 типтегі кран таңдалынады, жүк көтеру қабілеті 17 тонна және жебе құлашы 5,1 м – ден 6,1 м – ге дейін.

САТ компаниясының, маркасы D6R2 бульдозер бір ыңғай нормалар және бағалар бойынша қабылданады тракторының базасында қуаттылығы 141 кВт және массасы 18 тонна. Жылу желіснің құрылысы кезінде түсіру және тиеу жұмыстарына құбырларды төсеу және конструкцияларды жинақтау жұмыстарына автомобильді құлашты кран және құбыр төсейтін кең қолданылады. Кран таңдау жүк көтергіштігі және жебе құлашымен анықталады. Құрылыс – жинақтау жұмыстарын өндіру үшін кран таңдау екі негізгі белгі арқылы жүргізіледі: техникалық параметрлерімен және техника – экономикалық көрсеткіштермен. Кран таңдау жүк көтергіштігі және жебе құлашымен анықталады. Жүк көтергіштігі және жебе құлашы жинақталатын элементтерді жобалау кезінде орнатылуын қамтамасыз етуі керек. Қажетті техникалық параметрлер бойынша өзі жүретін крандардың тобы белгіленеді, II сатыда техника – экономикалық көрсеткіштерді өзіндік құнын, еңбек сыйымдылығын, ұзақтылығын салыстыру арқылы таңдалған крандардың пайдалы түрін таңдау қажет.

2.5 Құрылыстағы жұмыстар өндірісінің және жұмысшылар қозғалысының күнтізбелік графигі

Құрылыс жұмыстарының тізімдемесі бойынша жұмыс істеу көлемдеріне байланысты жалақылар мен калькуляциялық шығындар есептелінеді.

Қызметкерлердің қозғалу графигі бір күн ішінде орындалатын жұмыс процестерін біріктіреді. Бір күндік жұмыс процестеріндегі жұмысшылар санына байланысты күндізгі жұмысшылардың сандарын анықтайды. Бұл графикте құрылыс жинақтау жұмыстары кезінде қызметкерлердің бір деңгейдегі жұмысын қамтамасыз ету қажет.

Күнтізбелік жоспардың дұрыс екенін тұрақтылық коэффициенті 1,5-тен аз екенін анықтағанда білеміз.

$$K = \frac{m_{\max}}{m_{\text{opt}}}, \quad (2.19)$$

$$K = \frac{8}{6} = 1,3,$$

мұндағы $m_{\max}$ – қызметкерлердің максималды саны, адам;

m_{opt} – қызметкерлердің орташа саны, адам.

$$m_{\text{opt}} = \frac{\sum Q}{T_{\text{ж}}}, \text{ адам}, \quad (2.20)$$

$$m_{\text{opt}} = \frac{149,5}{22} \approx 6 \text{ адам},$$

мұндағы $\sum Q$ – еңбек өнімділігінің жалпы қосындысы, адам/күн;

$T_{\text{ж}}$ – жинақтау жұмыстарының ұзақтылығы, күн.

Жұмыстың көлеміне қарай есептелінген жалақылар мен калькуляциялық шығындар Ә.2 кестеде есептелді.

2.6 Жұмыс барысындағы еңбек қорғау және техника қауіпсіздік шаралары

Құрылыс жұмыстарының өзі дайындық кезеңінен бұрын болмауы керек. Егер жұмысты біріктіру қажет болса, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге қосымша назар аудару қажет. Құрылыс алаңы жұмыс басталар алдында міндетті түрде бөгде заттардан, ғимараттар мен құрылыстардан тазартылып,

қоқыстан тазартылуы керек. Оны таза және ұқыпты ұстау қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызды шарты болып табылады. Осы мақсатта оның аумағынан қоқыс пен құрылыс қалдықтарын жүйелі түрде және жедел түрде шығару қажет. Бұл учаскеге жеткілікті кең және ыңғайлы кіру жолдарын қажет етеді - бір жақты қозғалыс үшін ені кемінде 3,5 м және екі жақты қозғалыс үшін 6 м. Көлік құралдары үшін жолдардың ең аз дөңгелектеу радиусы 10-12 м. Бұл ретте құрылыс алаңы жол белгілерімен және белгілермен жабдықталуы керек. Құрылыс алаңындағы көліктердің рұқсат етілген ең жоғары жылдамдығы сағатына 10 км және бұрылыс кезінде сағатына 5 км.

Өрт қауіпсіздік жалпы шаралары

Құрылыс алаңдарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жан-жақты және үздіксіз болуы керек. Ол үшін арнайы өрт сөндіру құралдарының болуы да, барлық қызметкерлердің қауіпсіздік ережелерін сақтауы, жергілікті өрт сөндіру бөлімімен тәулік бойы байланыс болуы қажет. Өрт қауіпсіздігі үшін жауапкершілік объектінің құрылыс басшысына жүктеледі.

Құрылыс алаңы өрт қаупі жоғары орын болып табылады. Құрылыс алаңдарында өрт сөндіру, дәнекерлеу, сырлау жұмыстары жүргізіледі, әр түрлі жанғыш сұйықтықтар мен жанғыш материалдар үнемі болады. Өрт болған жағдайда тек салынып жатқан нысанға ғана емес, көршілес ғимараттар мен құрылыстарға да зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан құрылыс алаңдарында жұмыс істеу кезінде бірқатар талаптар сақталуы керек.

3 Экономика бөлімі

3.1 Техничко – экономикалық есептемелері

Экономикалық бөлімде жылу желілері үшін жылу оқшаулағыштың ең оңтайлы материалдарынн технико-экономикалық салыстырмалылық бойынша қарастырамын. Салыстыруға қолайлы болу үшін екі жылу оқшаулағыш материалдарколданылып, ең тиімдісі қабылданады. Есептеу үшін бас магистральдағы участок ЖК5 ден ЖК6 дейінгі аралықтағы ұзындығы 410 м, ал диаметрі 400 мм жылу желісі алынды.

Жылу оқшаулағыш материалдардың сапасын қарастырамыз.

Бірінші нұсқа бойынша – URSA M-25 TУ5763-002-00287697-97;

Екінші нұсқа бойынша –пенополиуретан ППУ–ЭО-100, ТУ 6-05-5127-82.

Есептеуді жүргізу үшін келесі эксплуатациялық және экономикалық көрсеткіштері қабылданады.

- жылудың бірлік бағасы $Z_m=20,5$ мың тг/ГДж

- біржылдық жылу сыйымдылығы, есептелген жылдық нақты тиімділікпен анықталған $f+E_n=0,15$.

3.2 Пайдаланылу шығындарын есептеу

Жылу тораптарының жыл сайынғы жұмысында жұмсалатын шығыстар пайдалану шығындар деп аталады. Жылу электр стансалары өндіретін жылудың өзіндік құнын анықтау үшін жұмыс жүргізілуде.

Шығындарды қосу нәтижесінде пайдалану шығындарды аламыз:

$$C = C_{n.m} + C_{обс} + C_{пер} + C_{трк} + C_a + C_{соц} + C_{оэ}, \text{ мың тг/жыл,} \quad (3.1)$$

мұндағы $C_{n.m}$ – жылу торабындағы жылу жоғалу бағасы, мың тг/жыл;

$C_{обс}$ - жылу торабын бақылауға арналған шығыны, мың тг/жыл;

$C_{пер}$ – жылу тасушыны таратуға керекті электроэнергия бағасы, мың тг/жыл;

$C_{трк}$ – бір қалыпта түзету, ретпен түзетулерге кететін шығындар, мың тг/жыл;

C_a – амортизациялық шығындар, мың тг/жыл;

$$C_{nm}=0,05 \cdot (C_{км} + C_{мс}) \text{ мың тг/жыл,} \quad (3.2)$$

мұндағы $C_{мс}$ -жылдық жылу жоғалудың нақты бағасы.

$C_{км}$ – отынға керекті шығындар, мың тг/жыл;

$$C_{кт} = \frac{\sum Q_{жыл} \cdot 1,2}{29,4 \cdot \eta} \cdot S_m, \text{ мың тг/жыл,} \quad (3.3)$$

$$C_{кт} = \frac{1138,8 \cdot 1,2 \cdot 1,2}{29,4 \cdot 0,6} = 92,96 \text{ мың тг/жыл,}$$

мұндағы S_m – 1000 м³ үшін табиғи газдың құны 12 мың теңге;

$\sum Q_{жыл}$ – жылдық жылу жүктемесі 3485,436 ГДж/жыл;

